



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 11 маусым

Ерболат Досаев – Қазақстан Ұлттық Банкі экономиканы кредиттеудің өсуін қамтамасыз ету шараларын қабылдауда

Ағымдағы жылғы мамырда **айлық инфляция** 0,6%-ды құрады, **жылдық инфляция** 5,3%-ға дейін өсті. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Досаев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол 2019 жылғы мамырда азық-түлік тауарлары нарығында **7,9%-ға** жеткен бағаның басым түрде өсуі инфляцияға негізгі үлес қосқанын, оның халықтың нақты ақшалай кірістерінің тез өсуі жағдайында орын алғанын атап өтті. Азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның өсуі **6,1%** болды, ақылы қызметтерге тарифтердің инфляцияға үлесі төмен болып қалуда.

«Қазақстан Ұлттық Банкі болжамдық раунд нәтижелері бойынша ағымдағы жылғы 3 маусымда **базалық ставканы 9,00%** деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады. Сыртқы талаптар және ішкі факторлар бойынша нақтыланған бағалау 2020 жылдың соңына дейін **4-6%** нысаналы дәлізге жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ішкі және сыртқы сектордағы тәуекелдердің балансы базалық ставканың деңгейі туралы кейінгі шешімдерді жоғары траекториясына қарай апарды», - деп хабарлады ол.

Сонымен қатар Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы соңғы уақытта ішкі валюта нарығындағы ахуалдың мұнайдың әлемдік нарығының ықпалымен дамуда екендігін хабарлады. «27 мамыр – 5 маусым аралығында әлемдік экономикадағы сауда талаптары қатаңдатылды. Нәтижесінде мұнай бағасы **13%-ға** жуық **60,6 АҚШ долларына** дейін төмендеді. Алайда өткен аптаның соңғы екі күнінде бір баррель үшін **63,3 АҚШ долларына** дейін түзету болды. Бұл АҚШ-тың Мексикамен заңсыз миграцияға бақылауды қатаңдату туралы келісімге қол жеткізуімен байланысты. Сонымен бірге оған 2019 жылғы екінші жартыжылдықта ОПЕК+ келісімін ұзарту мүмкіндігіне қатысты мәлімдемелер оң әсер етті. Нәтижесінде, 27 мамыр - 5 маусым аралығында теңгенің әлсіреуі **1,3%** болды», - деп түсініктеме берді Е. Досаев.

Ол соңғы күндері жағдай тұрақтанғанын атап өтті. Ұлттық валюта бағамы 5 - 10 маусым аралығында **0,3%-ға** нығайды. **2019 жылғы 10 маусымдағы** жағдай бойынша **айырбастау бағамы** бір АҚШ доллары үшін **383,04** теңге болды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы хабарлағандай, **төлем балансында** жағдайдың жақсаруы теңгеге қолдау көрсетуде. «**Ағымдағы шот** 2 тоқсан бойы профицитпен қалыптасып отыр. Алдын ала бағалау бойынша 2019 жылғы 1-тоқсанда сауда балансы **14,4%-ға** өсіп **7,1 млрд АҚШ долларын** құрады, ал ағымдағы операциялар шотының профициті **0,8 млрд АҚШ доллары** болды Тауарлар экспорты 9,9%-ға немесе **14,9 млрд АҚШ долларына** дейін, ал тауарлар импорты 6,1%-ға немесе **7,8 млрд АҚШ долларына** дейін ұлғайды», - деді Е. Досаев.

Ол 2019 жылғы 1 маусымда алдын ала деректер бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің **жалпы алтынвалюта резервтері** мамыр айында **3,5%-ға** немесе 948 млн АҚШ долларына ұлғайып, **28 млрд АҚШ долларын** құрағанын қоса айтты. Қажетті минимум 3 ай болса, Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтерінің көлемі тауарлар мен

қызметтер импортының **7 айынан** асады.

«**Ұлттық қордың** шетел валютасындағы активтері алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылғы мамырдың соңында **58,6 млрд АҚШ доллары** болды. Бір айда **1,1%-ға** төмендеу бюджетке кепілдік берілген және нысаналы трансферттердің бөлінуімен байланысты», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Е. Досаевтың айтуынша, валюталық активтерді ел ішінде сақтауды ынталандыру үшін жаңа құрал ретінде **банктердің** Ұлттық Банктегі **валюталық депозиттері** 2019 жылғы 1 шілдеден бастап енгізіледі. Мұндай депозиттердің мерзімі **1 ай**, ставкасы жылдық **0,5%** болады.

Сонымен бірге ол Қазақстан Ұлттық Банкінің экономиканы кредиттеудің өсуін қамтамасыз ету шараларын қабылдап жатқандығын еске салды.

«Біріншіден, ақша-кредит талаптарының біртіндеп жеңілдеуі **кредиттердің қолжетімділігін арттыруды** қамтамасыз етеді. Ағымдағы жылғы сәуірде **бизнес үшін берілген теңгедегі кредиттер бойынша ставка** өткен жылғы сәуірдегі **12,3%-бен** салыстырғанда **12%-ға**, оның ішінде қысқа мерзімді кредиттер бойынша **11,9%-ға**, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша **13,2%-ға** дейін төмендеді. Екіншіден, **Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұсынған депозиттер бойынша ең жоғары ставкалар** өзгерді. Халықтың теңгедегі мерзімді емес депозиттері бойынша ұсынылған ставканы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 10,5%-дан 9,8%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылданды. Теңгедегі мерзімді және жинақ депозиттері бойынша ставкалар салымшылар үшін тартымды болып қалуда және тиісінше 12,5%-ға және 13,5%-ға жетті», - деді Е. Досаев.

Ол банктер үшін мұндай жағдайлар қорландыру базасының орнықтылығын арттыратынын, сондай-ақ 2019 жылғы 1 маусымнан бастап 12 ай және одан жоғары мерзіммен шетел валютасындағы жинақ және мерзімді депозиттер бойынша ставка **2%-ға** дейін көтерілгенін атап өтті. Бұл шара банктердің міндеттемелерін ұзартуға бағытталған.

Е. Досаевтың айтуынша, 2019 жылғы қаңтар-сәуірде банктер **4,1 трлн теңге** сомаға **жаңа кредиттер** берді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда **10,3%-ға** көп.

«Банктердің экономиканың басымдық берілген секторларын қаржыландыруы шеңберінде орналастырылған **112,7 млрд теңгеден 31,7 млрд теңгеге** өтінімдер мақұлданды. Бөлінетін ресурстарды игеруді жандандыру үшін мүдделі мемлекеттік органдардың, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының, банктердің қатысуымен бірқатар талқылау өткізілді, оның қорытындысы бойынша тиісті ұсыныстар енгізіледі», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Е. Досаев айтқандай, «**7-20-25 бағдарламасының**» талаптарын жақсарту шеңберінде 2019 жылғы 31 мамырда қарыз алушыларға **бастапқы жарнаны баспана құнының 20%-нан көп мөлшерде енгізу** құқығын беру бөлігінде өзгерістер қабылданды. Бұл ай сайынғы төлемдер мөлшерін төмендетуге және соның есебінен кірісі төмен азаматтарды көбірек қамтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы атап өткендей, Бағдарламаға қатысу үшін **банктерге қойылатын талаптар төмендетілді**: рейтинг бойынша – «В» – «В-» аралығы және нарықтағы үлесі бойынша – банк секторының жиынтық активтерінің **3% –1% аралығы**.

«2019 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде **93,3 млрд теңге** сомаға **8 060 өтінім** мақұлданды, **6 899 отбасы 80,7 млрд теңге** сомаға қарыз алды. 2018 жылғы шілдеде іске қосылғаннан бері жалпы алғанда банктердің ипотекалық портфелі **21,8%-ға 1,4 трлн теңгеге** дейін өсті», - деді сөзін қорытындылай келе Е. Досаев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz